



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ НЕГІЗДЕРІ

□ Жоспары:

- 1. Экономикалық теорияның пәні және функциялары
 - 2. Экономикалық теорияның пәні
 - 3. Экономикалық теорияның негізгі қызметтері
 - 4. Бақылау, модельдеу
 - 5. Экономикалық теорияның зерттеу әдістері
-

1. Экономикалық теорияның пәні

Экономикалық теория – қоғамдық ғылым. Ол, басқа да ғылымдармен қатар, қоғамдағы адамдар арасындағы іс-әрекеттердің өзара байланыстарын және қарым-қатынастарын зерттейді. Сонымен қатар, әлеуметтану және философия пәндерінен айырмашылығы, қоғамды бүтіндей қарастырмайды, тек қана оның экономикалық саласын, яғни шаруашылық байланыстар мен адамдардың экономикалық іс-әрекетін қарастырады. Нақтылай айтсақ, экономикалық теория, экономиканы ұйымдастыру және реттеу, баға белгілеу және ақша табыстары, өндіріс үрдісіндегі өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну қарым-қатынастарын реттеу мәселелерін шешумен айналысады.

Осы сұрақтардың барлығы, яғни экономикалық мәселелердің басты көрсеткіші болып табылатын - өндіріс шығындарын аз жұмсау арқылы, игіліктердің санын жеткілікті өндіру мәселесінің негізі болып табылады.

2. Экономика дегеніміз не?

Экономика сөзін грек тілінен аударғанда, *oikonomia* - үй шаруашылығын басқару дегенді білдіреді. Бірақ та, қазіргі кезде ол көп мағыналы болғандықтан мына үш негізгі анықтамаларды атаған жөн: - ең біріншіден, экономика бұл- өндіріспен байланысты барлық адамзат шаруашылығының қызметін анықтайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы ретінде қарастырылады;

екіншіден, экономика бұл - жеке аймақтың, мемлекеттердің, мемлекеттік топтың және барлық дүниежүзінің шаруашылық іс-әрекеті болып табылады;

- үшіншіден, экономика бұл - қоғамдық өмірдің шаруашылық саласын қарастыратын, зерттейтін ғылыми пән деп айтуға болады.

Экономика бұл адамның шаруашылық қызметімен байланысты қалыптасатын қоғамдық қарым-қатынас, бұлар түрлі аймақтардың, елдердің шаруашылық жүйесі болып табылады, бұл қоғамның шаруашылық өмірінің қандай да бір бөлігін зерттейтін ғылыми пән. Мысалы, нарықтық, әкімшіліктік-әміршілдік экономика, Қазақстан экономикасы, дүниежүзілік экономика, өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық экономикасы және т.б.

3. Нақты экономикалық ғылымдар:

Салалық экономикалық ғылымдар

Функциональдық экономикалық ғылымдар

Экономикалық ғылымның басқа ғылымдармен байланысы

- өнеркәсіп экономикасы
- құрылыс экономикасы
- ауылшаруашылық
- экономикасы және т.б.
- бухгалтерлік есеп
- статистика
- қаржы-қаражат - географиямен
- тарихпен
- демографиямен және т.б.

4. Экономикалық ғылым ең алдымен экономикалық қажеттіліктер мен оларды қанаттандыру жолдарымен әдістерін зерттейді.

Қажеттілік – бұл адам баласының өмір сүруіне бір нәрсенің жетіспеуін сезінеді. Ол сезім оларды қызметке, күш – жігер жұмсауға, ойлауға итермелейді.

Адамдардың қажеттілігі қай игіліктерге болсын шексіз, ал осы игіліктерді жасауға қажетті РЕСУРСТАР шектеулі. Осыдан шығатын қорытынды – материалдық игіліктер өндірісіндегі шектеулі ресурстарды тиімді қолдану арқылы адамдардың қажеттілігін толық қанағаттандыруға бағытталған нақты жолын іздестіру болмақ. Бұл экономикалық теория пәнінің негізін құрайды.

5. Экономикалық қажеттілік – адамдарды өз мұқтаждарын қанағаттандыру мақсатында белсенді қызмет етуге мәжбүр ететін қозғаушы күш болып табылады. Қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейіне қарай жаңа қажеттіліктер туады. Оның құрылымы, саны, сапасы, өзгеріп отырады.

Қажеттіліктердің үздіксіз өсуі адамдардың экономикалық эволюциясының көптеген деректерімен дәлелденді. Әр бір 10 жыл сайын тұтыну тауарлары мен қызметтердің түрлері екі есеге өсіп отырады. Мұндай экономикалық заңдылық қажеттіліктердің өсу заңы деп аталады.

6. Қажеттіліктердің түрлері:

Алғашқы(төменгі) - қажеттілік адамдардың өмір сүруіне ең алғаш керек қажеттіліктер. Оларға толық киім, баспана т. б жатады. *Екінші реттік* (жоғарғы) қажеттіліктер. Екінші реттік (жоғарғы) қажеттілік – бұл адамның рухани жағдайы, әлеуметтік ортасы, интеллектуалдық деңгейіне байланысты пайда болатын қажеттіліктер. Бұл қажеттіліктерді **альтернативті** (таңдау) қажеттіліктері деп те атайды. Мысалы: кітаптар, сәнді киімдер, қымбат бұйымдар, сондай-ақ білімге мәдениетке қажеттіліктер. Жеке қажеттіліктер— бұл жеке адамның өзін қанағаттындыра алатын қажеттіліктер. Мысалы: киім, тамақ, мұздатқыш, машина т.б тауарлар сатып алуы.

Ұжымдық қажеттіліктер- өмірде жеке бір адам қанағаттандыруға мүмкін емес,көп шығын қажет ететін қажеттіліктер бар. Оларды көпшілік көмегімен ұжымдық түрде қанағаттандырады. Ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыру жөнінде шешімдерді басқару органдары қабылдайды.

7. Әлеуметтік білім – теория мен практиканың бірлігінде қалыптасады. Теориялық зерттеулер әлеуметтік болмысты, дүмірді жалпы және арнаулы бағыттардың деңгейінде түсіндіріп, оның дамуын және қандай қызмет атқаратынын анықтайды. Оның одан әрі даму заңдарының бағытын, көрінісін белгілеп отырады.

Ал, эмпирикалық әлеуметтік зерттеулер – нақтылы құбылыстар мен процестер туралы жаңа мағлұмат, хабарларды алумен байланысты. Ал, бұл мағлұмат, хабарлар статистикалық талдау, нақты әлеуметтік әдістерді қолдану арқылы іске асырылады. Ал теориялық зерттеулер абстрактілі философиялық әдістері арқылы іске асырылады.

8. Әлеуметтік білімнің құрылымыдеп қоғамның әлеуметтік жүйесінің серпінді дамуы, іс-әрекет, қызмет жүргізілуі туралы әр түрлі жиналған фактілерді, ақпараттарды, хабар – мәліметтерді ғылыми дұрыс түсіндіруді және ғылыми ұғымдардың жиынтығының реттелуінің, тәртіпке келтірілуін айтамыз.

9. Экономикалық теорияның негізгі қызметтері:

Танымдық қызметі – қоғамдық өндірісті, экономикалық құбылыстар мен процестерді және экономикалық қатынастарды терең және жан-жақты зерттейді, экономикалық даму бағыттары мен заңдарын анықтайды.

Методологиялық қызметі – барлық экономикалық ғылымдар жүйесі үшін теориялық және методологиялық негіз болады, себебі экономикалық теория қоғамның шаруашылық негіздерін және экономиканың жалпы қағидаларын зерттесе, ал басқа экономикалық ғылымдар осы негіздер мен қағидалардың нақты салаларда қолданады.

Практикалық-прагматикалық қызметі – мемлекетің экономикалық саясатына ғылыми негіздерін жасайды, тиімді шаруашылық жүргізу қағидалары мен әдістерін айқындайды, мемлекеттің экономикалық саясатын тиімді жүргізуі үшін әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар жасайды.

Болжамдық қызметі – ғылыми болжамдарды жасау және негіздеу, қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму бағыттарын айқындау.

Сындық қызметі – экономикалық даму жетістіктерін ғана емес, оның кемшіліктерін анықтады, экономикалық

10. Экономикалық теорияның зерттеу әдістері:

- бақылау
- модельдеу
- ғылыми абстракция
- анализ және синтез
- индукция және дедукция

11. Экономикалық игіліктер заттар (тауарлар) мен қызметтерден тұрады.

Қызметтердің заттай тауарлардан айырмашылығы:

1. Олардың өндірісі мен тұтынылуы бір мезгілде болады

2. Оларды мұраға қалдыруға болмайды.

3. Оларды сақтауға немесе жинақтауға болмайды.

12. Экономикалық заңдылықтар – бұл қоғамдағы көп кездесетін немесе қайталанып жататын тұрақты іс-әрекеттер және олардың арасындағы қатынастардың көрінісі.

Экономикалық заңдарды төмендегідей заңдарға айырып қарауға болады:

Айрықша экономикалық заңдар. Бұл заңдар олардың іс-әрекет жасауына жағдайдың сақталуындағы тарихи дәуірге тән.

Ерекше экономикалық заңдар. Бұл белгілі бір шаруашылық түрлерінің нақты тарихи дамуының заңдары.

Жалпы экономикалық заңдар. Бұл заңдар барлық тарихи дәуірге тән, олар барлық дәуірлерді біртұтас тарихи үйлесімді процесс етіп байланыстырады.

13. Экономикалық заңдар мәңгілік, ұзақ мерзімді емес. Экономикалық заңдар тарихи сипатта белгілі бір кезеңде пайда болып, өзгеріп немесе жойылып кетіп отырады.

Экономикалық заңдар қоғамдағы объективтік экономикалық процестердің өзгерісімен байланысты болады.

Экономикалық теория экономикалық заңдармен қатар экономикалық категорияларды зерттейді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**